

Камалова Фэриде Болатқызының «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына отандық жетекшісі филос. ғ.к., доцент м.а. Ж.У. Қантарбаеваның

### Пікірі

Ф.Б. Камалованың қорғауға ұсынылып отырған «Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» атты диссертациялық жұмыс құрылымы Қазақстанның гуманитарлық ғылым кеңістігі үшін өзекті де маңызды. Ғылыми еңбек негізінен автордың бірнеше жылдар бойындағы қомақты ізденістерінің нәтижесі. Зерттеу бағыты қазіргі еліміздегі рухани жаңғыру мәселелерімен байланысты.

Ізденуші Камалова Фэриденің диссертациялық зерттеуі қазіргі постсекулярлық қоғамдағы киелі жерлердің көріністерін, олардың әлеуметтік сұраныстары мен діни мазмұнын ашуға арналған. Докторант Камалова осы мәселеге қатысты ғылыми және танымдық әдебиеттер мен деректерге жан-жақты талдау жасап, киелі және киелі жер ұғымының тарихи тамырларын, қазіргі адамзат пен қоғам тіршілігіндегі олардың орнын анықтаған.

Дінтану мен гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеу тәсілдерін тиімді қолдана білуі автордың жұмысты зерттеудегі мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуін қамтамасыз еткен. Жарияланған мақалалары тақырыптың негізгі идеяларын қамтыған. Диссертацияның мәтінінде көрсетілген нәтижелерінде барлығы дерлік тарихи және қазіргі заманғы мәліметтерге сүйене отырып тұжырымдалған және логикалық үйлесімділік толығымен сақталған. Ізденіс бойынша алынған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының негізделуін, шынайылық дәрежесін ескере отырып, диссертациялық зерттеуді аяқталған, логикалық дәйектелген еңбек деп баға беруге болады.

Осы оқу процесі аясында Фэриденің 16 мақаласы жарық көрді. Оның ішінде, Скопус базасына кіретін «Дін және идеологияны зерттеу» румыниялық журналға шықты. ВАК-та 3 мақаласы жарық көрді. Түркияның Кастамону университетінен ғылыми тағылымдама өтіп келді, сол жерде Али Рафет Озканмен тікелей жұмыс жасап, скопус мақаласының шығуына сол кісі тікелей септігін тигізді.

Жалпы алғанда диссертациялық жұмыс тақырыбының теориялық және тәжірибелік маңызы зор деген ойдамын. Сондықтан, Камалова Фэриде Болатқызының «Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» атты диссертациялық жұмысын қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесшісі

Қантарбаева Ж.У.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесшісі  
дәйрлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

20 ж.л.

(КОЛЫ)